

Ақшалай қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 436-ө

Күрделі салымдарды қаржыландыруға 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген жалпы қаражаттың есебінен қайтарымсыз негізде 1995 жылы орындалған жұмыстар, оның ішінде мыналар үшін кредиттік берешекті өтеуге 40.900 млн. (қырық миллион тоғыз жүз мың) теңге:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне акт залының құрылысы бойынша 29,7 млн. (жиырма тоғыз миллион жеті жүз мың) теңге;

Батыс Қазақстан облысының әкіміне Тайпақ ауданы Калмыков поселкесінде 240 оқушыға арналған мектептің құрылысы бойынша 4,6 млн. (төрт миллион алты жүз мың) теңге;

Алматы облысының әкіміне Қаскелең ауданындағы Тұрар поселкесіндегі 664 оқушыға арналған мектептің құрылысы бойынша 6,2 (алты миллион екі жүз мың) теңге бөлінсін.

Премьер-Министр